



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

ӘОЖ 81'367.63

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ КЕЛЕР ШАҚ САНАТЫНЫҢ БІЛДІРУІ  
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ “ҰЛПАҢ” РОМАНЫНЫҢ АУДАРМАСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛЫ БОЙЫНША)**

**Куракбаева Мархабат Болатбековна**

**mkurakbayeva@gmail.com**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Шетел филологиясы ағылшын тілі мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - PhD, шетел филологиясы кафедрасының доценті Л.С. Сабитова

Қазіргі таңда теориялық лингвистиканың негізгі бағыттары сөз сөйлеу қызметі арқылы тілді функционалдық семантикалық тұрғыдан зерттеуге бағытталып отыр. Дәстүрлі грамматикада келер шақтың жасалуы мен қолданылуы зерттелінді. Қазақ тілші ғалымдар А. Байтұрсынов, А.Қ. Жұбановтан бастап З. Қ. Ахметжанова тағы да басқа зерттеушілердің еңбегінде кеңінен қарастырылған болатын. [1;2;3]

Қазіргі лингвистикада функционалды грамматиканың негізгі категориялары мен ұғымдары жалпы тіл ғылымында жан-жақты қарастырылуда.[4;5]

Ал функционалды грамматика ұғымдары қатарынан орын алатын етістік ұғымы, соның ішінде келер шақ санаттары мен ұғымдары, жалпы тіл ғылымында жан-жақты қарастырылып келеді.

Келер шақ темпоралдық өрісін сипаттайтын векторлық сызық бойында сөйлеу сәтінен кейінгі бөлікті құрайды. Сөйлеу сәтінен кейінгі уақыттан бастап санағанда оңға қарайғы шексіз уақытты көрсетеді. Яғни сызық бойымен бір бағытта өтіп жатқан уақыт созылыңқылықпен айқындалады. Уақыт келешек тұрғысынан ешқашан дәл болмайды. Алда, болашақта болатын , істелетін іс-әрекеттің қашан, қалай жүзеге асатыны алдын ала межеленгенмен , оның ойға алған мақсатқа дәлме-дәл келуі ешқашан нақтылықты көрсетпейді. Бұл тіпті әбден абстракцияланған тілдік категорияларда , айталық , етістіктің келер шағын жіктеуде де көрініс тапқан.

Қазақ тілінде келер шақ құрылымдық грамматикада білдіретін мағыналары мен аффикстік құрамына қарай болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ болып үш түрге бөлінеді. Мұндағы болжалды және мақсатты келер шақтар шақты семантикалық түрлерге бөлудегі модальдық принципті , яғни қимыл-әрекетке сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан бөлетін принцип бойынша жіктелген. Демек, келешекте істелетін іс-әрекеттің өту мерзімін білдіру үшін жасалған сөйлеу бірліктері тіл жүйесі тұрғысынан грамматикалық келер шақ формаларына негізделсе, осы келер шақ контекстінде грамматикалық келер шақ формаларынан басқа да тілдік құралдар осы келер шаққа қатысты қимылдың өту мерзімін білдіруге қызмет етеді. [6:440-459]

Болжалды келер шақ. Бұл келер шақ формасы алда болатын іс-әрекетті нақты білдірмей, оны болжау түрінде айтады. Ол етістік түбіріне –ар, -ер, -р аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады. Бұл формалар негізінен есімше формалары болып табылады. Олар жіктеліп қолданыла келе, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып, белгілі бір модальдық мағынаны білдіріп, ашық рай қызметінде қолданылады.

Мақсатты келер шақ. Сөйлеу сәтінен кейін болатын сөйлеушінің не қимыл иесінің сол қимылды орындау мақсатын білдіретін шақ мақсатты келер шақ деп аталады. Мақсатты келер шақ етістік түбіріне –мақ, - мек аффиксінің жалғануы арқылы жасалады.

Келер шақтың бір мағыналық түрі ауыспалы келер шақ формасы –а, -е, -й жұрнақты көсемшенің жіктеліп келуі арқылы жасалады. –а, -е, -й тұлғасы амал – әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын білдіреді.

Бұл сенімділік, анықтылық мағыналары жағынан –а, -е, -й тұлғасы келер шақтың –ар, -ер, -р болжалды түрімен мағыналық оппозиция жасайды, яғни қарсы мағыналарды білдіреді.

Бірақ бұл мағыналар ауыспалы келер шақты шақ жіктемесінде берудің шешуші уәждемелік белгісі, ұстанымы бола алмағандығы байқалады. Өйткені –а, -е, -й тұлғасының келер шақты не осы шақты білдіруі контекстке тәуелді. Осындай контекстік мәндік белгісінің басымдығына қарай бұл тұлғаны осы шақ жіктемесінде де, келер шақ жіктемесінде де «ауыспалы» деген терминмен атау орнығып кеткен.

Енді ағылшын тілінің келер шақ санаттарының білдіру құралдарына көңіл бөлсек, ағылшын тілінде бұл шақты білдірудің бірнеше жолы болады:

1. Future Simple will етістігімен және оның Continuous, Perfect формалары. Бұл шақ көмекші will етістігі арқылы сөйлеу кезінде қабылданған шешім туралы ойды айту үшін, өтініш кезінде, тілек, ықылас, уәде, ұсыныс сияқты ойларды айтқанда, шартты райлы сөйлемдерде қолданылады.

2. Future Simple ‘to be going to’ құрылымы. to be going to келесі кездерде қолданылады: сөйлеу кезінен бұрын бір нәрсені істеуге шешім қабылдап қойғанын көрсету үшін, оқиғаның қазіргі кезбен байланысын көрсету үшін қолданылады.

3. Present Continuous шағы Future Simple мағынасында. Келер шақтағы жоспарланған іс-қимылды айту үшін, кейде Present Continuous қолданылады. Әдетте, tomorrow-ертең, tonight-бүгін түнде, next week- келесі аптада сияқты мезгіл пысықтауыштары қолданылады да, іс-қимылдың жақын арада болатынын білдіреді.

4. Present Simple шағы Future Simple мағынасында. Present Simple шағы шартты райлы сөйлемде келешекте болатын іс-қимылды көрсету үшін, келешекке құрылған кестені суреттеу үшін қолданылады.

5. Would like, plan, want, mean, hope, expect етістіктерімен келешек туралы айту үшін қолданылады.

6. May, might, could, should модаль етістіктерімен келешек жайлы сенімсіз болғанда айтылады. [7:154-155]

Жалпы қазақ және ағылшын тілдеріндегі шақ категориялары өзара дәлме-дәл сәйкестігі болмағандықтан, кез – келген жұмысты аудару барысында көптеген қиыншылықтар тап болуы мүмкін. Сонымен қоса келер шақ мағынасын дұрыс жеткізген кезде де түсініспеушіліктер пайда болады.

Қазіргі таңда қазақ әдеби шығармаларының ағылшын тіліне аудару тенденциясы өріс алғанымен, әдеби шығармалар саны басым емес. Сол себепті Ғабит Мүсіреповтің “Ұлпан” романы негізгі материал ретінде алынып отыр.

Қазақ тіліндегі болжалды келер шақ формасы ағылшын тіліндегі Future Simple формасымен беріле алады. Мысалы,

Артекеңе сәлем айт, ертең сәлем **беріп қайтармын!**

Ертең өзі барып өкінішін айтып өтіл **сұрап-ау.**

Ұлпан тым болмаса шай құйып **беретін болар-ау...**

- Tell him **I’ll come** myself to make my to him...

**He’ll go to** Artykbai himself **tomorrow.**

**Most probably,** it’s Ulpan **who’ll pour out** their tea, who else can it be.

Берілген мысалдардан Болжалды келер шақ мағынасын жеткізу үшін Future Simple формасы қолданылатыны айқын көрінеді. Future Simple формасы басым болғанымен, сонымен қоса Болжалды келер шақ to be going to, conditionals, Present Simple, imperative mood, had better, would, can модаль етістіктері арқылы да аударыла алады. Мысалы,

Қарағым-ай, енді сенің бетіне қалай **қарармын?**

Oh, my dear. How **can** I look you into the eyes now?

Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған **дұрыс болар!**

Әлі де ортамызға келіп қонғаныңыз дұрыс болар...

Қой, бұл бетінен **қайтарып тастау керек болар.**

**I think** the best thing to do **is** to return the horse to his owner... And another horse in addition.

**Move** closer to your neighbors...

**She'd better relieve him from this thought!**

Ауыспалы келер шақ формасы кейбір деректерде Future Simple санаты ретінде түсіндіріледі. Оны келесі мысалдардан байқауымызға болады:

Ұзамай **қайтып келемін.**

Бүгін біздің үйде **боласыз.**

Қасқыр он шақырымдай қашып барып ағашқа **бұрылады.**

**I'll come** back soon.

But today **you'll be** our guest.

The chase **will last** for about ten versts, than the wolf will try to hide in the forest

Алайда ауыспалы келер шақ Present Simple, Present Continuous, to be going to, need, would, can модаль етістіктерімен, want, hope сияқты етістіктерімен және де бұйрық рай ретінде аударыла алады. Мысалы,

Аға, енді сіз біздің ауылды **таба аласыз ба?**

Стап қазақ-орыстары да ондайдан **бас тартпайды.**

Аға сұлтанды күзетуге қойған қазақ-орыстарымды **алып қайтам.**

Агаі, **are we going to get** to our aul?

Anyway, the Stap Cossacks **would help...**

**I need to get** the Cossacks guarding him back.

Енді мақсатты келер шақ формасына келсек, оны ағылшын тіліндегі to be going to формасына сәйкес келе алады. Алайда, Present Simple, Future Simple, hope, want сияқты етістіктер де мақсатты келер шақты айқындай алады. Мысалы,

Each hole must be in a precisely defined place, one mistake – and the sybyzgy **will havea wrong tonality.**

Where does Kieniesary **hope to create** his khanate?

Әр тесік өз орнында болмаса дыбысы **жалған шықпақ**

Сонда Кенесары хандығын қайда **орнатпақшы?**

Жоғарыда көрсетілген мысалдар арқылы келер шақ формасын ағылшын тіліне аудару барысында дәлме-дәл келетін шақ категориясына қоймай, мағынасына сәйкес ағылшын тілінің түрлі құралдарды қолдану мүмкін екенін көрсетеді.

Келер шақ өрісінің жанама тілдік құралдарына ирреалды рай тұлғалары да жатады. Әсіресе, бұйрық райдың келер шаққа қатысты темпоралды мағына білдіретіндігі оның модальдық мағынасымен байланысты. Яғни бұйрықтылық ешқашан өткенге қарай бағытталмайды. Келер шақтық мағына бұйрық райдың екінші жағына ғана емес, бірінші және үшінші жақтарына да қатысты.

Ендеше ағылшын тіліне аудару барысында ол Imperative mood (бұйрық рай) формасына сәйкес келеді. Алайда, сонымен қатар басқа келер шақ формалары да жиі сәйкес келеді. Төмендегі мысалдардан бұйрық райдың ағылшын тіліне жеткізілуін көруге болады:

Осы жоннан әрі бір жылқы тұяқ **салмасын!**

No horse **can bring** its hooves here...

Аттарды бір ықтасынға **жайғастырып келейін...**

Тиюші **болмаңдар!**

Бекентай, бидің атын **жетелеп ал!**

Басын Еснейдің өзіне **тартыңдар!**



**I need to take** the horses to a quiet place...

**Don't you dare** touch him!

**Lead** the bey's horse!

And its head **should be served to** Yesieniei himself..

Сонымен, келер шақ өрісінің орталық семантикалық бірлігі етістіктің келер шақ тұлғалары болып табылады, ал жанама тілдік құралдарынан етістік тұлғаларына ирреалды рай категориялары жатады.

Қорытындылай келе, қазақ және ағылшын тілдерінде келер шақ мағынасына сай келетін санаттар мен құралдар жеткілікті. Контекстік мағынаға сай аударып жеткізу мақсатында өзара үнемі бірін – бірі дәлме-дәл көрсете алатын параллель жасау мүмкін емес. Әр тілдің өзіндік грамматикалық ерекшеліктеріне сай кез-келген ойды барлық тілдерге сауатты түрде жеткізуге болатыны күмәнсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, - Алматы, 1992 – 448б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608б.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320б.
4. Бондарко А.В. Проблемы функциональной грамматики. Полевые структуры. СПб.: Наука, 2005.
5. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, - Алматы : ЖШС «Ануар- KZ», 2010.- 720б.
6. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы, - Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2011 – 440-459б.
7. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, - Алматы: «Бастау», 2010. – 154-155б.
8. Мүсірепов Ғ. Ұлпан, - Алматы: Раритет, 2006.
9. Musrepov G. Ulpan is Her Name [Электрондық ресурс]. 2015. URL:[http://old.adebiportal.kz/specproekt-perevod/musrepov-gabit-ulpan-is-her-name/?sphrase\\_id=43282](http://old.adebiportal.kz/specproekt-perevod/musrepov-gabit-ulpan-is-her-name/?sphrase_id=43282) (Қолдану күні 11.10.2017)

УДК 81-389

#### **ТЕКСТЫ ОНЛАЙН-ПЕТИЦИЙ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ: КОМПОЗИЦИОННАЯ СТРУКТУРА**

**Осипова Татьяна Артемовна**

[o.t.a.220998@gmail.com](mailto:o.t.a.220998@gmail.com)

студентка 2 курса Юридического института (Гражданско-правовой профиль)

ФГБОУ ВО «Пятигорского государственного университета»

Научный руководитель – канд.полит.наук, доцент кафедры английского языка и профессиональной коммуникации О.М. Литвишко

Данная статья посвящена изучению композиционной структуры текстов онлайн-петиций. Актуальность этой темы заключается в том, что онлайн-петиции все чаще становятся самым эффективным способом организации больших групп людей в поддержку общего дела, а также выступают важным инструментом гражданского общества [1]. Во многих демократических государствах использование петиций как формы политического участия регулируется законодательством. В России, например, процесс рассмотрения петиций разъяснен в указе, подписанном Президентом В.В. Путиным в 2013 г. [2].